

"2020 - 2024 жылдарға арналған "Жаңа Алматы" кешенді жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 23 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 667 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2023 № 667 қаулысымен.

Алматы қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "2020 – 2024 жылдарға арналған "Жаңа Алматы" кешенді жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар және Алматы қаласының әкімдігі Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 15 ақпаннан және 15 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 31 қаңтардағы
№ 23 қаулысымен
бекітілген

2020 – 2024 жылдарға арналған "Жаңа Алматы" кешенді жоспары

Қаланы дамытудың ағымдағы жағдайын талдау

2019 жылғы бірінші жартыжылдықта 5 358,7 млрд. теңгені құраған ЖӨӨ көлемі бойынша елдің басқа өңірлері арасында ұзақ уақыт бойы алдыңғы қатарда болған Алматы қаласы елдің аса ірі қаласы, республикалық бюджеттің доноры болып табылады. Мәселен, 2019 жылғы бірінші жартыжылдықта республиканың

ЖІӨ-дегі қаланың үлес салмағы 19,2%-ды, ағымдағы жылдың 10 айында салықтар мен төлемдер түсімдерінде – 23,5%-ды құрады.

2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қала халқы 1 902 мың адамды құрайды, халықтың тығыздығы – 1 ш.км. 2 715,5 адам.

Сервистік экономикасы бар қала. 2019 жылғы бірінші жартыжылдықта ЖӨӨ құрылымында көрсетілетін қызметтер және сауда саласының үлесі 84,6%-ды құрады. Көтерме және бөлшек сауда секторы қала экономикасына барынша үлес қосып, 30,4% құрайды.

2019 жылғы бірінші жартыжылдыққа ЖӨӨ жалпы көлеміндегі секторлардың үлес салмағы: өнеркәсіп – 5,8%, ауыл шаруашылығы – 0,06%, құрылыс – 2%, сауда – 30,4%, қаржы және сақтандыру қызметі – 8,6% көлік және қоймалау – 5,7% және жылжымайтын мүлікпен операциялар – 9,8%.

Алматы қаласы шағын және орта кәсіпкерліктің нақты өнімдерін өндіру көлемі бойынша елдің көшбасшысы болып табылады. 2019 жылдың 6 айында ШОК өнімін шығару 3 414,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 27,5%-ға артық.

Алматы қаласы республиканың білім беру орталығы болып табылады, тиісті деңгейде білім алудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім беру мекемелерінің дамыған желісі бар.

Алматы қаласы – дамыған, көп деңгейлі денсаулық сақтау жүйесі бар қала. Соңғы жылдары денсаулық сақтау объектілерінің желісін амбулаториялық-емханалық көмекті дамыту жағына қайта бағдарлау жүргізілді.

Алматы қаласы Қазақстан Республикасының ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияның ірі қаржы және экономикалық орталығы, сондай-ақ ауқымды еңбек нарығы бола отырып, бизнес үшін, сол сияқты заңсыз көші-қон мен криминалдық жағдайлар үшін тартымды болып қала береді.

2019 жылғы 10 айда республика бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 24,1%-ы Алматы қаласының үлесіне келеді – 46 528, республика бойынша – 192 764.

Алматы қаласы аумағындағы жедел жағдайды талдай отырып, соңғы жылдары криминогендік жағдайдың тұрақтанғанын байқауға болады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу саласында 2014 – 2018 жылдары су тасқындары мен топан суларға, селдерге, көшкіндерге, жер сілкіністеріне, өртке қарсы іс-қимыл инфрақұрылымының қамтамасыз етілу деңгейі 48,5%-дан 56%-ға дейін артты.

ТЖ алдын алу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету деңгейі бойынша қызмет техногендік авариялардан, апаттардан және табиғи апаттардан болатын қауіп-қатерлерді азайту және залалды азайту бойынша жағдай жасау

мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Сел қаупінің автоматтандырылған мониторингін жасау бойынша "Smart-city" ақылды қаласын цифрландыру және құру шеңберінде жұмыстар жүргізілуде.

Соңғы 10 жылда қалаға жаңа аумақтардың қосылуы нәтижесінде қаланың ауданы 2 еседен астам өсті. Бұл ретте жаңа аудандарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажеттігі күрт өсті. Аса өткір инфрақұрылымдық проблемалардың арасында мыналарды атап өту қажет:

- 1) инженерлік желілердің тозуы 60%-дан асады;
- 2) орталық сумен жабдықтау және су бұру Наурызбай, Алатау, Медеу, Түркісіб, Бостандық және Жетісу аудандарының 23 шағын ауданында жоқ;
- 3) қала көшелерінің 30% жарықтандырылмаған немесе жартылай жарықтандырылған (аумақтары қосылған Наурызбай, Алатау, Медеу және Бостандық аудандарында 40%-ға жуық көше жарықтандырылмаған);
- 4) қалада, негізінен "Жаңа Алматыда" 3 мың км. астам көше-жол желісінің 30%-ы нашар жағдайда;
- 5) аудандардың бір бөлігі, ең алдымен, Түркісіб, Жетісу, Әуезов – тұрғын үймен және мектептермен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз ("Жаңа Алматыдағы" мектептермен қамтамасыз етілу 1,5 есе төмен);
- 6) тұрғын үй саясатындағы елеулі теңгерімсіздік (6 жыл ішінде Алматыда көппәтерлі үйлердің жалпы саны 13%-ға, ал ЖТҚ саны – 2 еседен астам өсті, субурбанизация орын алып отыр – қала жайылып барады және инфрақұрылымға жұмсалатын шығыстар өсуде);
- 7) Алматы қаласында елдегі ең ірі тұрғын үй қоры – 8,4 мың КПТҮ (бұл ретте 24,5 мың отбасы тұрғын үй кезегінде тұр (өткен жылдан 10%-ға өсті), қолжетімді жайлы тұрғын үй жеткіліксіз (қала тұрғындарының 80%-дан астамының ипотекаға жайлы тұрғын үй алуға мүмкіндігі жоқ));
- 8) Алматы қаласында ел халқының тек 10% ғана тұрады, бірақ республика бойынша қылмыстың 20%-ы жасалады, қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың үштен бірі осында;
- 9) қала елеулі көші-қон жүктемесін бастан кешуде. Айталық, 2012 жылдан бері қала тұрғындары 30%-ға өсті. Тіркелмеген және "күндізгі" халықты ескерсек, көші-қонның әсері одан да жоғары. Айталық, халықтың ресми саны 1,9 млн. адам болса, емханаларға 110 мың адамға жуық артық адам тіркелген. Жоспар бойынша жедел жәрдем шақыруы 735 мың болса, нақты шығулар жыл сайын 112 мыңға артық.

Халықтың ағымдағы өсу қарқыны сақталған жағдайда 2030 жылы алматылықтардың саны 3 млн. адамға жетуі мүмкін. Негізгі қоныстандыру қаланың шеткі аудандарында болады деп күтілуде.

Осыған байланысты ең өзекті мәселе – орталық пен мегаполистің шетін дамытудағы теңгерімсіздіктерді жою. Бұл ретте іс жүзінде Алматының барлық әлеуметтік инфрақұрылымының шамамен 70% орналасқан қаланың орталығы ғана дамыған.

2020 – 2024 жылдарға арналған "Жаңа Алматы" кешенді жоспарын іске асыру пайымы

Мемлекет басшысының қалалардың шеткі аудандарын дамыту жөніндегі саяси тұғырнамасын іске асыру Алматының өткір әлеуметтік проблемаларын шешу үшін аса қажет.

2020 – 2024 жылға арналған "Жаңа Алматы" кешенді жоспары Алматы қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының өмір сүру стандарттары барлық аудандарда жоғары тұңғыш "Шеті жоқ қала" қағидатын іске асыруға бағытталған және көп орталықты жоспарланған және ыңғайлы көлігі бар.

Барлық аудандарда қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес келетін және Алматы тұрғындары мен қонақтарының үмітін барынша ақтайтын, бірақ тарихи даралығын сақтап қалған әдемі, ыңғайлы, қауіпсіз және жайлы қалалық орта құрылатын болады.

Мақсаты мен стратегиялық міндеттері

Сын-қатерлерге жауап ретінде Мемлекет басшысының саяси платформасы негізінде басты мақсаты әлеуметтік қамтамасыз ету, инфрақұрылымның болуы, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелерін шешу болып табылатын 2020 – 2024 жылдарға арналған "Жаңа Алматы" кешенді жоспары әзірленді.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай стратегиялық міндеттерді шешу көзделеді:

- 1) инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді дамыту;
- 2) ТКШ-ны жаңғырту;
- 3) көп қабатты үйлер салу және әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін дамыту;
- 4) абаттандыруды дамыту;
- 5) қоғамдық құқықтық тәртіпті және азаматтық қорғауды қамтамасыз ету;
- 6) бизнес-орта және кәсіпкерлікті дамыту.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері (жыл)	Болжанатын шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1. Инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді дамыту						
Көліктік инфрақұрылым						
					2020	1412,5
					2021	11500,0

1	51-шағын ауданда жолдар салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ҰЭМ	2022	9400,0	ЖБ
				2023	14400,0	
				2024	13500,0	
				2020	3511,0	РБ
2	"Думан" шағын ауданында жолдарды күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	71,9	ЖБ
				2021	1 000,0	
				2022	2 000,0	
3	"Қарағайлы" шағын ауданында Тәжиев көшесінде "Қарғалы" өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	238,5	ЖБ
4	Көше-жол желісін қайта жаңарту (3 жоба)	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ИИДМ	2020	911,3	ЖБ
				2021	197,3	
				2022	300,0	
				2023	866,2	
				2024	991,5	РБ
				2021	1973,9	
				2022	3 000,0	
				2023	8139,6	
2024	7999,4					
5	Көлік айрықтарын және бұрылу эстакадасын салу (5 жоба)	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ИИДМ	2020	847,0	ЖБ
				2021	825,9	
				2022	718,5	
				2023	532,3	
				2024	2 789,0	РБ
				2020	10471,6	
				2021	7905,2	
				2022	7130,9	
2023	5 026,9					
2024	4000,0					
6			Алматы қаласының	2020	444,9	ЖБ
				2021	933,1	
				2022	826,2	
				2023	1077,3	

	Көшені ұзарту (6 жоба)	пайдалануға беру актісі	әкімдігі, ИИДМ	2020	6748,9	РБ
				2021	9662,8	
				2022	9008,3	
				2023	10515,6	
ЖИЫНЫ					160 877,5	
БАРЛЫҒЫ					160 877,5	
2. ТКШ-ны жаңғырту						
Газдандыру						
7	10 білім беру объектісіне газ жүргізу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	65,0	ЖБ
				2021	1302,0	
				2022	209,0	
8	Газбен жабдықтау магистральдық желілерін салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	39,0	ЖБ
				2021	741,0	
ЖИЫНЫ					2 356,0	
Сумен жабдықтау және су бұру						
9	Қаланың 7 ауданында су құбыры желілерін және су бұру желілерін салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ҰЭМ, ИИДМ	2020	11347,6	ЖБ
				2021	14914,9	
				2022	1060,7	
				2020	13194,2	РБ
				2021	16984,8	
				2022	8238,6	
2023	250,0					
ЖИЫНЫ					65 990,8	
Электрмен жабдықтау						
10	Қаланың 7 ауданында аулалық сыртқы жарықтандыруды қамтамасыз ету	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	585,2	ЖБ
				2021	1620,0	
				2022	1156,9	
				2023	900,0	
11	Сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	11229,9	ЖБ
	Қаланың 3 ауданында (Алатау, Медеу және Наурызбай)			2020	2418,6	

12	жұмыс істеп тұрған иесіз электр желілері мен жабдықтарының реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	500,0	ЖБ
13	Электр желілерін салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ЭМ	2020	2197,7	ЖБ
				2021	4247,1	
				2022	3005,9	
				2023	1803,1	
				2020	7000,0	РБ
				2021	8000,0	
				2022	7200,0	
				2023	7690,5	
ЖИЫНЫ					59 554,9	
Жылумен жабдықтау						
14	Екі қазандықты реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	197,8	МБ
				2021	100,0	
				2022	100,0	
				2023	712,5	
				2024	612,5	
15	Екі жылу желісінің учаскелерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	1215,1	ЖБ
16	Екі жылу желісін салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	340,5	ЖБ
				2021	700,0	
ЖИЫНЫ					3 978,4	
Кондоминиум объектілері						
17	969 бірлік лифт жабдығын ауыстыру	қабылдау-тапсыру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	2 130,0	ЖБ
				2021	2 375,0	
				2022	2 374,0	
ЖИЫНЫ					6 879,0	
БАРЛЫҒЫ					138 759,1	
3. Көп қабатты үйлерді салу және әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін дамыту						
Тұрғын үй объектілері						
18	Тұрғын үй объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Алматы қаласының әкімдігі	2020	1 260,3	ЖБ
				2020	5 169,9	РБ

19	Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу, реконструкциялау және (немесе) сатып алу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Алматы қаласының әкімдігі	2020	11 524,5	РБ	
				2021	11 524,5		
				2022	11 524,5		
20	ЖАО кезекте тұрғандар үшін кредиттік тұрғын үй салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	10000,0	ЖБ	
				2021	8800,0		
				2022	8100,0		
				2023	8100,0		
ЖИЫНЫ					76 003,7		
Білім беру объектілері							
21	4 балабақша ғимаратын сейсмикалық күшейту	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	2 188,0	ЖБ	
22	2 балабақша ғимараттарының реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	993,0	ЖБ	
23	11 балабақша құрылысы	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	2 318,7	ЖБ	
				2021	5 384,0		
				2022	2 770,0		
				2023	810,0		
				2024	290,0		
24	18 мектеп ғимаратын қалпына келтіру жұмыстарымен қоса сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	2 772,4	ЖБ	
				2021	8 076,5		
				2022	7 991,9		
				2023	3 587,0		
25	19 мектептің құрылысы	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ҰЭМ	2020	4 978,4	ЖБ	
				2021	16 575,1		
				2022	10 860,0		
				2023	8 340,0		
				2024	4 560,0	РБ	
				2020	1 900,0		
				2020	4 695,0		БК
				2021	2 055,0		
	Мектептердің қолданыста			2020	4 842,0	ЖБ	
				2021	6 108,3		

26	Ғ ы ғимараттар ына 16 жапсарлас құрылыс салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ҰЭМ	2022	1 406,7	РБ
				2023	800,0	
				2020	900,0	
27	2 оқушылар сарайын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	60,0	ЖБ
				2021	100,0	
				2022	1 000,0	
				2023	2 100,0	
				2024	900,0	
28	Алматы қаласы әкімдігінің " Алматы мемлекеттік сервис және технология колледжі" МКҚК аумағында жатақхана салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	34,5	ЖБ
				2021	1 500,0	
29	"Зерделі" шағын ауданында Алматы қаласы әкімдігінің " Алматы мемлекеттік қызмет көрсету саласы колледжі" КМҚК 720 орындық ғимаратын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	74,88	ЖБ
				2023	1 100,0	
				2024	1 100,0	
30	"Достық" шағын ауданында № 155 мектеп ғимаратын реконструк циялау	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	40,0	ЖБ
				2021	600,0	
				2022	200,0	
31		пайдалануға беру актісі		2020	1 000,0	БК
				2021	1 000,0	
				2022	1 000,0	

	400 жеке балабақша ашу		Алматы қаласының әкімдігі	2023	1 000,0		
				2024	1 000,0		
ЖИЫНЫ						119 011,4	
Денсаулық сақтау объектілері							
32	Б і р ауысымда 200 адам қабылдайтын 11 отбасылық-дәрігерлік амбулатория ғимаратын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ҰЭМ	2020	297,3	ЖБ	
				2021	2800,0		
				2022	2810,0		
				2023	4590,0		
				2022	2 000,0	РБ	
33	2 0 0 төсек-орынға арналған көпбейінді аурухана салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	23 000,0	БК	
				2021	54 000,0		
				2022	2 600,0		
34	ЖИТС орталығының бөлімшесі бар хоспис ғимаратын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	3 000,0	ЖБ	
				2021	650,0		
35	Әуезов ауданы, Мамыр-5, 6 шағын ауданы мекенжайында орналасқан 100 орынға арналған ЖМКО құрылысы	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	401,0	ЖБ	
				2021	3 500,0		
	Бостандық ауданы, Манас көшесі, 40 мекенжайы бойынша Алматы қаласы әкімдігінің "Балалар шұғыл медициналы		Алматы қаласының әкімдігі	2021	4 500,0		
					323,0		

36	қ жәрдем орталығы" ШЖҚ МКК үшін операциялық блогы бар қабылдау бөлімінің корпусын салу	пайдалануға беру актісі		2022		ЖБ
37	8 денсаулық сақтау объектісін қалпына келтіру жұмыстары мен сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі, ДСМ	2020	1 165,0	ЖБ
				2021	314,3	
				2022	1 270,0	
				2023	4519,0	РБ
				2020	3 028,8	
				2021	2415,9	
				2022	2500,0	
2023	297,3					
38	Денсаулық сақтау объектілері не 2 жапсарлас құрылыс салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	2800,0	ЖБ
2022	2810,0					
39	3 0 0 төсек-орындық көпбейінді университеттік аурухана салу	пайдалануға беру актісі	ДСМ, Алматы қаласының әкімдігі	2022	11 586,0	МЖӨ
				2023	30 124,0	
				2024	18 797,0	
	1 4 0 0 төсек-орында арналған біріккен университеттік аурухана		ДСМ, Алматы	2022	29 386,0	
				2023	76 403,0	
					47 676,0	

40	ғимаратын салу	пайдалануға беру актісі	қаласының әкімдігі	2024		МЖӘ
ЖИЫНЫ					333 656,3	
Әлеуметтік әл-ауқат объектілері						
41	"Алатау ауданының "Трудовик" шағын ауданында белгілі бір тұрағы жоқ адамдарға арналған жедел әлеуметтік көмек пунктінің құрылысы" жобасын іске асыру	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2022	700,0	ЖБ
				2023	500,0	
ЖИЫНЫ					1 200,0	
Спорт объектілері						
42	"Алатау ауданы, Рысқұлов көшесінің солтүстігіне қарай, Момышұлы көшесінің батысына қарай мекенжайы бойынша жабық және ашық корттары бар теннис орталығын салу" жобасын іске асыру	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	800,0	ЖБ
				2021	1 320,0	
43	4 дене шынықтыру -сауықтыру кешенінің ғимаратын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	1 154,7	ЖБ
				2021	2 600,0	
				2022	900,0	
				2023	1 400,0	

44	"Шаңғы трамплинде рiнiң халықаралық кешенiн салу (бейiмдеу-жаттығу орталығы, спорт залы және жабық бассейн)" жобасын iске асыру	пайдалануға беру актiсi	Алматы қаласының әкiмдiгi	2020	1 766,7	ЖК
				2021	1 766,7	
ЖИЫНЫ					11 708,1	
БАРЛЫҒЫ					541 579,5	
4. Абаттандыруды дамыту						
45	4 саябақ аумағын және Қарғалы өзенi алқабында 1 селден қорғау бөгетiн абаттандыру	пайдалануға беру актiсi	Алматы қаласының әкiмдiгi	2020	3 757,5	ЖБ
				2021	295,8	
46	5 жаяу жүргiншiлер аймағын абаттандыру	пайдалануға беру актiсi	Алматы қаласының әкiмдiгi	2020	1626,5	ЖБ
47	8 жерүстi жаяу жүргiншiлер өтпе жолдарын салу	пайдалануға беру актiсi	Алматы қаласының әкiмдiгi	2020	1 218,1	ЖБ
48	18 бағдаршам объектiсiн салу	пайдалануға беру актiсi	Алматы қаласының әкiмдiгi	2020	484,1	ЖБ
				2021	90,0	
				2022	120,0	
49	10 реттелетiн жаяу жүргiншiлер өтпешолын салу	пайдалануға беру актiсi	Алматы қаласының әкiмдiгi	2020	11,0	ЖБ
				2021	150,0	
				2022	150,0	
				2020	33,0	

50	5 5 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өтпежолын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	550,0	ЖБ
				2022	550,0	
БАРЛЫҒЫ					9 036,0	
5. Қоғамдық құқықтық тәртіпті және азаматтық қорғауды қамтамасыз ету						
Құқық қорғау қызметі						
51	29 учаскелік полиция пунктін салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	990,0	ЖБ
				2021	1 670,0	
				2022	770,0	
52	13 бірлік автомашина сатып алу	қабылдау-тапсыру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	146,4	ЖБ
53	Алматы қаласы полиция департаментінің қызметкерлеріне арналған спорт кешенін салу (Тайманов көшесі, 198-үй)	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	15,0	ЖБ
				2021	250,0	
54	3 ғимараты (уақытша ұстау оқшаулағышы, тарату орталығы, әкімшілік қамауға алынғандар үшін арнайы қабылдау орны) бар арнайы "ЖП арнайы мекемелері" кешенінің құрылысы	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	700,0	ЖБ
				2022	300,0	
ЖИЫНЫ					4 841,4	
Азаматтық қорғау						

55	Саны 30 бірлік өрт сөндіру техникасын сатып алу	қабылдау-тапсыру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	2 463,0	ЖБ
56	Саны 57 бірлік алып жүретін және стационарлық радиостанцияларды сатып алу	қабылдау-тапсыру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	208,6	ЖБ
57	3 өрт сөндіру депосының құрылысы (6 шығу үшін 2, 4 шығу үшін 1)	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	3 418,3	ЖБ
				2021	1 300,0	
58	Автоматтан дырылған жүйенің 21 бірлік станциясын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	564,9	ЖБ
59	Халықты оқытудың 1 симуляциялық оқу-әдістемелік орталығын салу	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	1 313,5	ЖБ
60	Ақсай өзені бассейнінде сел ұстайтын бөгет салу	пайдалануға беру актісі	ІІМ, Алматы қаласының әкімдігі	2020	1175,4	РБ
				2021	4404,8	
				2022	6777,0	
61	Аюсай өзенінің сел ұстайтын бөгетін салу	пайдалануға беру актісі	ІІМ, Алматы қаласының әкімдігі	2020	5040,1	РБ
				2021	918,6	
				2022	4213,7	
ЖИЫНЫ					35 568,9	
БАРЛЫҒЫ					40 410,3	
4. Бизнес-орта және кәсіпкерлікті дамыту						
	Көрсетілетін қызметтер және сауда					

62	саласының 2 0 объектісін салу (халыққа қызмет көрсетуге арналған ғимараттар, бизнес-орталықтар)	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	22 642,0	БК
63	6 зауыт салу (энерго-тиімді сәулет қасбеттері, полимерлік бұйымдар, болат дәнекерлеу құбырларын шығаратын)	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2020	28 800,0	БК
64	6 сауда үйінің құрылысы	пайдалануға беру актісі	Алматы қаласының әкімдігі	2021	1 600,0	БК
БАРЛЫҒЫ					53 042,0	
КЖ бойынша барлығы					943 704,4	

МЛН.ТГ

Қаржыландыру көзі	2020	2021	2022	2023	2024
Республикалық бюджет	63784,1	69188,7	64269,0	36662,7	11999,4
Жергілікті бюджет	84658,1	112979,6	67094,1	47028,4	24743,0
Басқа көздер	60903,6	29421,7	55000,0	1000,0	1000,0
МЖӘ			40972,0	106527,0	66473,0
БАРЛЫҒЫ	209 345,8	211 590,0	227 335,1	191 218,1	104 215,4

Жоспарды іске асыру нәтижесінде

2024 жылы ЖӨӨ үлесі 104,9%, ШОК үлесі МСБ – 45% құрайтын болады, сондай-ақ 25,7 мың тұрақты және 22,0 мың уақытша жұмыс орындары құрылатын болады.

Ауызсумен қамтамасыз етуге 99%, газдандыруға 100%, қала шетіндегі көшелерді жарықтандыруға 100% қол жеткізіледі.

Жолдардың сапасын 95%-ға дейін жақсарту және негізгі магистральдарды жеңілдету үшін 350 км жол, 4 көлік жолайрығын, 6 көшені ұзарту, 28 бағдаршам,

55 электр жабдығы бар жаяу жүргіншілер өтпезолын және 8 жерүсті жаяу жүргіншілер өтпезолын салу жоспарлануда.

Бес жыл ішінде 3 саябақ аймағы, 5 жаяу жүргінші аймағы абаттандырылады, 194 га астам көгалдандырылады.

Әлеуметтік салада мектептер мен оларға жапсарлас құрылыс салу есебінен 50 мыңнан астам оқушы орнына тапшылық қысқарады (2 ауысым). 400 жеке мектепке дейінгі ұйым ашу, 3,1 мың орынға арналған 11 мемлекеттік балабақша салу кезектіліктің 23 мың орынға төмендеуіне алып келеді.

19 медицина объектісінің құрылысы медициналық қызмет көрсетуді және 1 млн. астам тұрғынға медициналық қызмет көрсетуге қолжетімділікті жақсартады.

Қауіпсіздік саласында бес жыл ішінде мыналар салынады: 3 ғимараты бар (уақытша ұстау изоляторы, қабылдау бөлгіші, әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы қабылдау орны) арнайы 1 жол полиция кешені, сондай-ақ 29 учаскелік пункт. Нәтижесінде криминогендік жағдай мен ауыр емес қылмыстардың саны орташа 22,7%-ға, орташа ауырлықтағы қылмыстардың саны 17,5%-ға, ауыр қылмыстардың саны 26,5%-ға төмендеуі күтілуде.

Төтенше жағдайлардың алдын алу саласында 183 мың адамды қамтитын 3 өрт сөндіру депосын салу; Ақсай, Аюсай өзендерінің шатқалдарында 2 бөгет салу жоспарлануда, бұл 35 мың адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; сел қаупі мониторингінің автоматтандырылған жүйесінің 21 станциясы және халықты оқытуға арналған 1 симуляциялық оқу-әдістемелік орталық салу.

Кәсіпкерлік саласында халыққа қызмет көрсетуге арналған ғимараттар, сауда кешендері, бизнес-орталықтар мен зауыттар салынады.

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

БК	-	басқа көздер
		Қазақстан
ДСМ	-	Республикасының
		Денсаулық сақтау
		министрлігі
ЖАО	-	жергілікті атқарушы
		орган
ЖБ	-	жергілікті бюджет
		жұқтырылған иммун
ЖИТС	-	тапшылығының
		синдромы
ЖМКО	-	Жедел медициналық
		көмек орталығы
ЖТҚ	-	жеке тұрғын үй
		құрылысы

ЖӨӨ	-	жалпы өңірлік өнім
ЖІӨ	-	жалпы ішкі өнім
ИИДМ	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
КЖ	-	кешенді жоспар
КМҚК	-	коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
КПТУ	-	көппәтерлі тұрғын үй
МЖӨ	-	мемлекеттік-жекешелік әріптестік
МКҚК	-	мемлекеттік коммуналдық-қазынашы лық кәсіпорын
ПД	-	Полиция департаменті
РБ	-	республикалық бюджет
ТЖ	-	төтенше жағдайлар
ТКШ	-	тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы
ҰЭМ	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ш.км.	-	шаршы километр
ШЖҚ МКК	-	шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
ШОБ	-	шағын және орта бизнес
ШОК	-	шағын және орта кәсіпкерлік
ІМ	-	Ішкі істер министрлігі
ЭМ	-	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі